

МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕ МЕНШІК ӘРІПТЕСТІК БИЗНЕС ПЕН БИЛІК ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛЫНЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫ ФОРМАТЫ РЕТІНДЕ

Нұржанова Нұргүл Сейтжанқызы

n_nurzhanova@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Экономика факультетінің 1 курс магистранты,
Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – А. Тулағанов

Рецессия кезеңінде инвестициялық қызметтің өзгерген жағдайлары мемлекеттік инвестициялық стратегияның тиімділігін арттыру құралдарын іздестіруді талап етеді. Инвестициялық қызметті реттей отырып, мемлекет тікелей және жанама әсер ету әдістерін пайдаланады. Бұл ретте мемлекеттік ықпал ету шараларының тиімділігі ұлттық экономиканың сапалы өсуі үшін жағдайлар жасау арқылы айқындалады.

Алға қойылған өсу міндеттерін шешу үшін ағымдағы міндеттерді дәйекті шешуді, әр түрлі деңгейдегі бюджеттерден бизнесті бір жолғы қаржылық қолдау шараларының басым болуынан бас тартуды; инвестициялық жобаларды қаржыландырудың бюджеттен тыс көздерін тартуды; пассивті инвесторларды тартудың белсенді саясатына көшуді; бизнес-делдалдар арқылы мемлекет функциясын іске асыруды; тең құқықты және өзара тиімді ынтымақтастық жағдайында шетелдік капиталды тарту практикасын кеңейтуді ескере отырып, стратегиялық перспективаға қол жеткізу негізінде қабылданатын шешімдердің жүйелілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін мемлекеттік-жеке меншік әріптестік (бұдан әрі – МЖӘ) тетігін пайдалану мүмкін.

МЖӘ қолданудың негізгі салалары ең алдымен мемлекеттің юрисдикциясына дәстүрлі түрде жататын, мысалы:

- көпшілік игіліктер (көлік, коммуналдық, әлеуметтік инфрақұрылым, мәдениет объектілері);
- көпшілік қызметтері (жалпы пайдалану, тұрғын үй коммуналдық шаруашылық объектілерін ұстау);
- экологиялық сала объектілері;
- құқықтық тәртіпті қорғау қызметтері;
- әлеуметтік сала объектілері (білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау)

[1, 26 б].

МЖӘ жобалары капиталдың әлемдік нарығына шығуын жеңілдетеді, экономиканың нақты секторына шетелдік инвестицияларды тартуды ынталандырады. Әріптестік негізінде капиталдың, тауарлар мен қызметтердің жергілікті нарықтары дами алатын өңірлердің экономикасы үшін МЖӘ-нің ерекше маңызы бар.

Бұрынғы посткеңестік елдер халықтық-шаруашылық міндеттерді шешу үшін МЖӘ тетіктерін табысты жүзеге асырады. Мұның мысалы Варшавадағы халықаралық әуежайды кеңейту және жаңғырту болып табылады. Халықаралық авиарейстер жолаушыларының 85% - дан астамы Варшава әуежайын пайдаланды, бұл салыстырмалы қысқа мерзімде әуежайдың жолаушылар және жүк айналымын екі есе дерлік арттыруды қамтамасыз етуді талап етті. Жеке капитал мен ноу-хауды тартпай, мұндай жобаны іске асыру мүмкін емес еді.

Ашық еуропалық конкурстың нәтижелері бойынша жобаның жеке серіктесі ретінде орталық және Шығыс Еуропа елдерінің әуежайларына арналған МЖӘ қаржыландырудың арнайы моделін әзірлеген германдық «Хохтиф АГ» фирмасы шықты. Серіктес ретінде Польша мен Германияның шағын және орта кәсіпорындары кірген консорциум құрылды. Жеке қаржыландыруды «Ситибанк» АҚ басқаратын банктер консорциумы қамтамасыз етті. Несие алушы және жобаның мемлекеттік серіктесі «Польшалық PPL әуежайлары» агенттігі болды. Жобаның құны 153,4 млн еуроны құрады, оның 80%-ы (cash-flow моделі бойынша)

жеке инвесторларға тиесілі. Мемлекеттік польшалық LOT Авиакомпаниясы кепілдіктерді қамтамасыз ету туралы несиелік келісімге және әуежайды пайдалану туралы келісімге енгізілген. Жұмыстардың табысты аяқталуы бас мердігердің Дюссельдорф, Гамбург және Сидней қалаларының әуежайларының МЖӘ қағидаттарында қайта жаңарту жобаларына қатысқандығына ықпал етті [2, 52 б].

Қазақстан МЖӘ шеңберінде мемлекет пен бизнес ынтымақтастығының тиімді форматын құруда дамыған елдерден артта қалып отыр. Бұл артта қалу заңнамалық, ұйымдық-экономикалық, қаржылық тетіктердің дамымағандығымен байланысты. Алайда, дағдарысқа дейінгі кезеңде МЖӘ бағдарламаларын жандандыру бойынша бірқатар қадамдар жасалғанын атап өткен жөн.

Жалпы, «Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік туралы» заң Қазақстанда 2015 жылдың соңында қабылданды [3]. Бұл, өз кезегінде, бүкіл Қазақстан бойынша МЖӘ тетіктерін белсенді дамыту үшін жергілікті және шетелдік әріптестерді тең қаржыландыруға тарту мүмкіндігімен тірек нүктесі болды. «Қазақстандық мемлекеттік-жеке меншік әріптестік орталығы» АҚ-ның жалғыз акционері ҚР Ұлттық экономика министрлігі тұлғасында Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады. Қазақстандық МЖӘ Орталығы өз миссиясын мемлекет пен бизнес арасындағы әріптестік үшін жағдай жасауда, МЖӘ жобаларын іске асыру үшін олардың әлеуетін дамыту мен біріктіруде және ел экономикасына жеке инвестициялар көлемін ұлғайтуда көреді.

Қазақстандық тәжірибеде МЖӘ портфелі 2019 жылдың 1 желтоқсанындағы жағдай бойынша 1570 млн. теңгеден астам сомаға 690 МЖӘ шартын құрады. Ел ауқымын және қолданыстағы инфрақұрылымды ТКШ-дан медицинаға дейін жаңарту үшін инвестицияларға қажеттілікті ескере отырып, мұны қарапайым нәтиже деп атауға болады. Алайда, 690 Шарттың 314-і жеке қаржылық бастама тәсілімен жасалды, ал бұл 46% - ның жартысы. Бұл дегеніміз, кәсіпкерлердің мемлекет қатысатын жобаларға инвестиция құю ниеті өсуде. Бизнес қаржы ресурстарын, кәсіби тәжірибені, тиімді басқаруды және инновациялық тәсілдерді қамтамасыз етеді.

Қазақстанда 2019 жылда ғана мемлекеттік-жеке меншік әріптестік тәжірибесін қолдану арқылы 156 млрд. теңгеге 235 жаңа жоба жасалды (сурет 1).

Жалпы алғанда, 2019 жылдың соңындағы жағдай бойынша жалпы сомасы 1,6 трлн. теңгеге 717 МЖӘ Шарты жасалды, соның ішінде 910 млрд. теңгеге 9 республикалық, сомасы 687 млрд теңгеге 708 жергілікті шарт жасалды [4].


Қазақстанда МЖӘ-нің жұмыс істеуіне, дағдарыс кезеңінде олардың шиеленісуіне байланысты айқын проблемаларға қарамастан, бизнес пен мемлекеттің өзара іс-қимылының перспективалы форматын құруға бірқатар алғышарттарды атап өту қажет (концессиялық тетіктерді дамыту; қаржы лизингі, ерекше экономикалық аймақтар, технопарктер, бизнес-инкубаторлар, технологиялар трансферті орталықтарын құру және т.б.). Бұдан басқа, экономиканың жекелеген салаларында «ұлттық жобаларды» іске асыру стратегиялық бағытқа ие және МЖӘ шеңберінде бизнес пен мемлекеттің бірлескен бастамаларын талап етеді.

Мемлекет пен бизнестің серіктестігі сапалы жаңа ұйымдық альянс ретінде экономиканың басым салаларын дамытуға серпін беруге, оның ішінде инновациялық саясатты іске асырудың тиімді құралы болуға қабілетті.

Осы мақсатта МЖӘ перспективалық нысандарын анықтау; Қазақстан экономикасын дамыту міндеттеріне жауап беретін және мемлекеттік және жеке секторлардың өзара іс-қимылының нәтижелілігін арттыруға бағытталған реттеу тетіктері мен қағидаттарын әзірлеу қажет.

Дағдарыс әріптестіктің іргелі негізін нығайту жөніндегі институционалдық және ұйымдастыру шараларының бағдарламалық кешенін жылдам әзірлеу және іске асыру қажеттілігін күшейтті.

Жаңа жағдайларда мемлекет МЖӘ жобаларын іске асырудағы өзінің рөлі туралы неғұрлым белсенді мәлімдеуі тиіс.



Сурет 1 - Қазақстандағы МЖӘ келісімшарттары

Шетелдік қатысушылармен МЖӘ шарттарын жасасу үшін халықаралық ынтымақтастық тәжірибесін кеңейтуге бағытталған іскерлік ахуалды жақсарту жөніндегі белсенді іс-қимылдар дәл қазір қажет. Бұл ретте жаңғырту бағдарламаларын іске асыруға дайын, жоғары белсенділігімен ерекшеленетін және тиісті саланы құрылымдық жағынан қайта жаңғыртуға қабілетті бизнес-әріптестерді анықтау міндетті шарт болуға тиіс.

Ұлттық экономиканы жаңғырту мақсатына бағдарлану шетелдік инвесторлармен жұмыс істеудің ең үздік әлемдік тәжірибесін анықтауға және таратуға ықпал етуі тиіс.

Біздің еліміздің экономика салаларын кең ауқымда жаңғырту қажеттілігі осындай жобаларға бастамашылық жасаудағы өңірлік билік және басқару органдарының рөлін арттыру өзекті міндетін жасайды. Мемлекеттік билік органдары бизнес-қоғамдастықтардың ұжымдық мүдделерін білдіретін салалық бизнес-қауымдастықтармен өзара іс-қимыл тәжірибесін кеңейтуі керек.

Мемлекет пен бизнестің өзара іс-қимылы қазіргі заманғы нарықтық экономиканы дамытудың маңызды негізі болып табылатыны анық, бұл ретте мемлекеттік-жеке меншік әріптестік әлеуетін табысты іске асыру дағдарыстан кейінгі күрделі жағдайларда бизнеспен өзара іс-қимыл жасауға мемлекеттің дайындығына байланысты.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Оценка текущего состояния развития государственно-частного партнерства, дальнейшие перспективы и мировые тенденции. – Национальный аналитический центр при Правительстве и Национальном банке Республики Казахстан, 2008.

2. Макаров И.Н. Национальная инфраструктура и государственно-частное партнерство: потребности современной экономики // Креативная экономика. – 2012. – № 5. – С. 50–54.

3. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 31 қазандағы № 379-V ҚРЗ // <http://adilet.zan.kz/>.

4. https://www.inform.kz/ru/gosudarstvenno-chastnoe-partnerstvo-itogi-2019-goda-717-zaklyuchennyh-dogovorov-gchp_a3600183.